

6 – лекция. Өнімнің сапасының қасиеттері және көрсеткіштері

Өнімнің сапасы оның қасиеттерінің жиынтығының талаптарға сай болуы дәрежесімен анықталады.

Қасиеттер - өнімді дайындау, бағалау, қолдану немесе тұтыну кезінде көрінетін объективті ерекшеліктер.

Өнімнің қасиеттері қарапайым және күрделі болып екіге бөлінеді.

Қарапайым қасиет - өнімнің бір объективті ерекшелігін сипаттайды (түсі, қаттылығы).

Күрделі қасиет - өнімнің бірнеше объективті ерекшеліктері, демек қарапайым қасиеттердің жиынтығы (мысалы: сыртқы түр түсі, көлемі, пішіні).

Қасиеттерді шартты түрде негізгі және қосалқы деп бөледі.

Негізгі қасиеттер - өнімнің өзінің қолдану мақсатына сәйкестігін сипаттайды (жиһаз үшін оның ыңғайлылығы, сыртқы түрінің әдемі болуы).

Қосалқы қасиеттер – негізгі қасиеттерді күшейтеді немесе азайтады (мысалы, жиһаз үшін оның массасы).

Қасиеттердің өлшем бірліктері ретінде өнімнің сипаттамаларында көрінетін сапа көрсеткіштері алынады.

Өнімнің сапасының көрсеткіштері – жасау, қолдану немесе тұтыну шарттарының белгілі біреуінде қаралатын өнімнің бір немесе бірнеше қасиеттерінің мөлшерлік сипаттамасы.

Сипатталатын қасиеттерге байланысты сапа көрсеткіштері бірлік және комплекстік болып бөлінеді.

Өнімнің сапасының бірлік көрсеткіші өнімнің қарапайым қасиетін сипаттайды, **комплекстік көрсеткіш** - өзара байланысқан қарапайым немесе күрделі қасиеттердің жиынтығын сипаттайды.

Өнімнің сапасының комплекстік көрсеткішінің бір түрі интегралды көрсеткіш болып табылады:

$$I = \frac{\mathcal{E}}{3c + 3\mathcal{E}}$$

\mathcal{E} - өнімді тұтыну немесе қолдану кезіндегі сипаты;

$3c$ - жасауға кеткен шығын;

$3\mathcal{E}$ - қолдану немесе тұтыну кезіндегі кеткен шығын.

Өнім сапасының жалпыланған комплекстік көрсеткіші - өнім сапасын бағалайтын барлық қасиеттердің жиынтығы. Өнімсапасын бірнеше көрсеткіштермен өрнектеуге көмектеседі, мысалы: санмен немесе баллдармен.

Өнім сапасының негізгі көрсеткіші – сапаны салыстырмалы бағалаған кезде, бастапқы көрсеткіш ретінде алынған көрсеткіш. Негізгі көрсеткіш ретінде мыналар алынады:

- Мемлекетте немесе шетелдерде шығарылатын алдыңғы қатарлы өнімдердің сапасының көрсеткіштері;
- Белгілі уақыт аралығында қол жеткізілген сапа көрсеткіштері;
- Тәжірибелік немесе теориялық түрде табылған нұсқалардың көрсеткіштері;
- Өнімге қойылатын талаптарда берілген сапа көрсеткіштері.

Өнім сапасының анықтауыш көрсеткіші - өнімнің сапасы бағаланатын көрсеткіш. Мысалы, тұтынушылар үшін тамақ өнімдерінің сапа көрсеткіштері органолептік көрсеткіштер болып табылады.

Қасиеттерді көрсету үшін көрсеткіштер абсолютті және салыстырмалы болып бөлінеді.

Өнім сапасының абсолют көрсеткіші - әртүрлі өлшем бірліктері арқылы немесе өлшемсіз шамалармен өрнектелетін сапа көрсеткіштерінің нақты мәндері.

Өнім сапасының салыстырмалы көрсеткіші - өлшемсіз мәндермен немесе пайызбен өрнектелетін абсолют көрсеткіштің бастапқы көрсеткішке қатынасы.

Салыстырмалы көрсеткіштің өрнегі:

$$q_i = P_i / P_{i0}, \quad i = 1, 2, 3, \dots, n$$

P_i , P_{i0} - сәйкесінше абсолют және негізгі нұсқалардың i -ші көрсеткіші;

Сапа көрсеткіштерін тура және жанама деп екіге бөледі.

Тура көрсеткіштер - өнімнің қасиеті мен сапасын тура сипаттайды (мысалы, жекеленген заттардың массалық үлесі).

Жанама көрсеткіштер – бірнеше факторларға тәуелді қасиеттерді байланыстырады, өнімнің сапасын жанама сипаттайды. Мысалы, сүттің тығыздығын және оның химиялық құрамын анықтайды.